

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»  
Мемлекеттік мекемесінің  
«№28 орта мектебі»  
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
Коммунальное государственное  
учреждение «Средняя школа №28»  
Государственного учреждения  
«Отдел образования города Актөбе»

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

030020, Ақтөбе қаласы,  
Әбілқайыр-хан даңғылы, 25 «В»  
тел.: 8(7132) 45-81-09

030020, город Актөбе,  
пр. Абылқайыр-хана, 25 «В»  
тел.: 8(7132) 45-81-09

2025ж. «19» 08

№ 383

«19» 08 2025г.


«Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Бракераждық және тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құру туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 22 ақпанда шыққан № 255 «Аз қамтылған отбасы және әлеуметтік жағынан қорғалмаған оқушыларға қаржылай және әлеуметтік жағынан қорғалмаған оқушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінген қаржыны жұмсау» Ережесін бекіту туралы Қаулысы (№64 25.01.2008 ж.) 13.11.2008 ж. №570 «а» қалалық білім бөлімі бұйрығы және Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы негізінде және «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығы негізінде

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында ыстық тамақ сапасына бақылау жүргізетін мониторингтік және бракеражды комиссия құрамы бекітілсін:
  - Баядилова Ш.У. - мектеп директоры, комиссия төрайымы;
  - Кагирова Г.Ф. - мектеп директорының орынбасары, комиссия мүшесі;
  - Алиева Б.С. - мектеп медбикесі, комиссия мүшесі;
  - Ерболатова Ж.Е. - әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
  - Елемесова А.К. – қамқоршылық кеңесінің төрайымы;
2. Айына бір рет интернет-ресурсқа комиссияның жұмыс қорытындылары туралы ақпаратты орналастыруы мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Е.Ерболатоваға жүктелсін.
3. Комиссияға келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті, перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізу мектеп медбикесі Б.С.Алиеваға міндеттелсін.
4. Дайын тағамнан тәуліктік сынама алу санитарлық-эпидемиологиялық заң талаптарына сәйкес жүзеге асыру, бракераж нәтижелерін дайын аспаздық өнімінің бракераждық журналына тіркеу, көрсетілген таратылып салу мәзірінде тағамның түсіміне сәйкес болатын порциялық тағамның түсімін қадағалау бракеражды комиссия мүшелеріне міндеттелсін. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының орынбасары Г.Ф.Кагироваға жүктелсін.

№ 28 ОМ директоры:



Баядилова Ш.У.